

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

орындалса). Белгілі бір уақыт аралықтарынан кейін негізгі құралдардың елеулі құрамдастарын ауыстыру қажет болған жағдайда Топ ондай құрамдастарды оларға сәйкес келетін пайдалы қызметтің жеке мерзімдері бар жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісті түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық тексеру жүргізген кезде оған байланысты шығыстар, егер танудың барлық критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықты ауыстыру ретінде танылады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық өзге де шығыстар олар болған сәтте пайда немесе залал құрамында танылады. Активті пайдаланғаннан кейін оны іске пайдаланудан шығару бойынша болжамды шығыстардың келтірілген құны, егер резервті болашақ шығындар деп танудың тиісті критерийлері орындалса, тиісті активтің бастапқы құнына кіргізіледі. Тозу, негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзіміне негізделіп, тура әдіспен есептеледі.

Қорытындылай келе, "Тау-кен самұрық" АҚ-ның активтердің аудитінің жүргізу барысында соңғы жылдары компания дамуына үлес қосып, бюджетінің бірнеше миллиард долларға өсіру нәтижесінде активтер мен компанияның өсуіне әкелді. Бірақ активтердің өсуі шығындардың көбеюіне әкеледі, себебі жұмыс орындарының қосылуы, жана пайдалы қазбалар бар орындарының табылып сол жерлерге жаңа технологиялармен жабдықталып сатып алынады. Бұл шығындардың өсуі активтерге әсерін тигізді. Егер активтерді дұрыс пайдаланса, бұл компанияның капиталын 2 есе арттырады. Соңғы жылдары қарқында дамуда және мемлекеттің экономикасына салмақты үлес қосуда.

Авторлардың айтуынша экспортқа бағытың салса, компанияның болашағы жақсы деп болжамдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

АҚ-ның ресми сайты:

<https://tks.kz/otchety-i-rezultaty/>

<https://tks.kz/istoriya/>

«Аудиторлық қызметті лицензиялау ережесі» - 2015 жыл 11 қаңтар

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» Астана,

Ақорда, 2019 жыл

"QAZAQGAZ" ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ " АҚ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ АУДИТІ

Алембаева Л.С.

“Мемлекеттік аудит” мамандығының 3 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: linara.03@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Жахметова А.К.

"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

Ақша қаражаттары және оның баламалары аудиті

"QazaqGaz " акционерлік қоғамы отандық, сондай-ақ шетелдік газ нарығында мемлекеттің мүддесін білдіретін Қазақстан Республикасының негізгі газ компаниясы болып табылады.[1]

Қоғам тауарлық газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері арқылы тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады.


Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін маңызды көрсеткіш болып ақша қаражаты болып табылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттер банктерде жылдық 7.25-8.2% пайыздық мөлшерлемелер бойынша теңгемен және 0,13-0,7% шетел валютасымен орналастырылған болатын. Ал 2020 жыл бойынша 5-8% пайыздық мөлшерлемелер бойынша теңгемен және 0,13-0,7% шетел валютасымен орналастырылды. Олардың өтеу мерзімі 3 айға дейін немесе тиімді шарттармен 1 жылға дейін болады. Банктердегі ағымдағы шоттардағы қолма-қол қаражат бойынша 2021 жылы пайыздық мөлшерлемелер теңгемен жылдық 0.1% - ды құраған болатын. Сонымен қатар, 2020 жылғы жағдай бойынша 0,13% - ды құраса, екі жылда да шетел валютасымен нөл құрады.

Кесте 1

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы, мың.тг

Атауы	2019 ж, мың.тг	2020 ж, мың.тг	Өсу қарқыны, % 2019/2020	2021 ж, мың.тг	Өсу қарқыны , % 2020/2021
Ақша қаражаттарының түсімі	1 105 876 458	1 101 268 653	99,5	1 146 369 326	104,0
Ақшалай қаражаттың шығуы	997 004 870	998 860 277	100,1	943 670 802	94,4
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	108 871 588	102 408 376	94,0	202 698 524	197,9
Ескертпе: [2] дерек көздері негізінде автормен жасалған					

Көріп отырғанымыздай, 1-кестеде және Сурет 1 де акционерлік қоғамның 2019-2021 жылдардағы операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының өсу қарқыны көрсетілген.



Сурет 1. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының өсу қарқыны

“QazaqGaz” АҚ 2019-2021 жылдар аралығындағы ақша қаражаттары және оның баламаларының өсу қарқыны көрсетілді. Демек, қоғамның ақша қаражаттары және оның баламалары әр жыл сайын артып отырғанын байқаймыз. 2019 жылдан 2021 жылға ақша қаражаттары 27% -ға артты. Соңғы 3 жыл ішінде, ең ауқымды ауытқу өзгерісін 2021 жылы алып отыр. Операциялық қызмет еңбекақыны төлеу, тауарлы-материалдық қорлар сатып алу, шығыстарды, салықтарды төлеу үшін жұмсалады.


Кесте 2

Инвестициялық қаражаттың қозғалысы қызметі, мың.тг

Атауы	2019 ж, мың.тг	2020 ж, мың.тг	Өсу қарқыны, % 2019/2020ж ж.	2021 ж, мың.тг	Өсу қарқыны, % 2020/2021ж ж.
Ақша қаражаттарының түсімі	59 468 183	145 210 015	244,1	154 765 056	106,5
Ақшалай қаражаттың шығуы	151 424 166	73 752 091	48,7	200 396 215	271,7
Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	91 955 983	71 457 924	77,7	45 631 159	63,8

Ескертпе: [3] дерек көздері негізінде автормен жасалған

Жоғарыда көрсетілген 2-кестеде және Сурет 2 де акционерлік қоғамның 2019-2021 жылдардағы инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының өсу қарқыны көрсетілген.



Сурет 2. Қоғамның инвестициялық қаражаттың қозғалысы қызметі, мың.тг

Бұл ретте, инвестициялық қаражаттың қозғалысындағы ақша қаражаттарының түсімі 2021 жылды 2019 жылмен салыстырғанда 2,5 есе өскен. Ал ақшалай қаражаттың шығуы 2020 жылды 2019 жылмен салыстырғанда 48%- ға кемісе, 2021 жылды 2020 жылмен салыстырғанда 271%- ға қайта артып отыр. Қоғамның ақшалай қаражаттың шығуы, соңғы 3 жыл ішінде

төменгі көрсеткіші 2020 жылды құрап отыр, демек пандемияның әсері болып отыр. Сондай-ақ инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы әр жыл сайын төмендеген. Инвестициялық қызмет жылжымайтын мүлікті ғимараттарды, құрал-жабдықтарды және басқа да ұзақ мерзімді инвестицияларды сатудан түседі.

Кесте 3

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы, мың. тг

Атауы	2019 ж, мың.тг	2020 ж, мың.тг	Өсу қарқыны, % 2019/2020жж.	2021 ж, мың.тг	Өсу қарқыны, % 2020/2021ж ж.
Ақша қаражаттарының түсімі	26 017 440	93 801 451	244,1	24 104 026	106,5
Ақшалай қаражаттың шығуы	77 931 874	143 550 709	48,7	49 144 132	271,7
Қаржылық Қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы	51 914 434	49 749 258	77,7	25 040 106	63,8
Ескертпе: [4] дерек көздері негізінде автормен жасалған					

Қаржылық қызмет жай акцияларды сатудан, қарыздық міндеттемелерді шығарудан түседі. Сонымен қатар, қарыздарды және дивидендтерді төлеу арқылы жұмсалады. Кестеге мән берсек, соңғы 3 жыл ішінде көрсеткіштердің төменгі ауытқу өзгерісі 2019-2020жж орнаған. Себебі, еліміздегі пандемия жағдайы бойынша компанияның ақшалай қаражаттың шығуы төмендеген.


Келесі 4,5 суреттерде есепті кезеңнің басындағы және соңындағы ақша қаражаттары және оның баламалары қарастырылды. Осылайша көрсеткіштердің сомаларын есептей отырып өсім қарқыны және өзгеру ауытқуы көрсетеді.



Сурет 3. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының 2019-2021жылдар аралығындағы өсім қарқыны %

4 суретте көрсетілгендей есепті кезең басындағы ақша қаражаттары және баламалары 2019 жылмен 2021 жылды салыстырғанда 7% – ға, 2020 жылмен 2021 жылды салыстырғанда

51%-ға кеміп жатыр. Сонымен бірге, есепті кезең басындағы ақша қаражаттары және баламалары 2019 жылмен 2021 жылды салыстырғанда 51% – ға кеміген, 2020 жылмен 2021жылды салыстырғанда 8% –ға қайта артып отыр. Демек, бұл жерде ауытқу өзгерісі 2020-2021жж аралығында орын алды.



Сурет 4. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының 2019-2021жылдар аралығындағы өзгеру сомасы, мың.тг

Осылайша бұл көрсеткіштердің өзгеру сомасындағы ең төменгі және жоғарғы ауытқу өзгерістері 2020-2021жж аралығында орын алып отыр.

Қорытындылай келе, "QazaqGaz " акционерлік қоғамының шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ішінде ақша қаражаттары және жүргізілген аудит нәтижесінде, компанияның қазірге қаржылық жағдайы жақсы екенін білуге болады. Инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары жыл сайын төмендеп отыр. Сонымен қатар, Қазақстан аумағында кейбір аудан, елді мекендерде газбен қамтылу деңгейі нашар болғандықтан, барлық аумақ бойынша үздіксіз газбен қамтамасыздандыруды ұсынамын. Себебі озық елдер қатарына кіріп, әлемдегі әріптестікті нығайта отырып, еліміздің газ қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "QazaqGaz" АҚ ресми сайты [Электрондық ресурс] - <https://qazaqgaz.kz/>
2. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізімі [Электрондық ресурс] - <https://gr5.gosreestr.kz/p/kz/gr-search/search-objects>

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» АҚ ҰЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Анетова Айзере Нұрболатқызы
aizereanetova2003@gmail.com

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті
 Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
 Астана қ., Қазақстан Республикасы
 Ғылыми жетекшісі: Жахметова А. К.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі-Компания) мемлекеттің 100% иелігімен 1997 жылы құрылып, ұлттық мұнай тасымалдаушы құбырларының операторы болып табылады. 2022